


# REVLINЕ

## RL100

### Стационарлы ирригатор



Revyline RL 100 ауыз қуысының ирригаторын сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Ирригаторды қолдану ауыз қуысының гигиеналық қорғаныс деңгейін едәуір арттырады, стоматологиялық аурулардың пайда болуына және дамуына жол бермейді. Пульсацияланған су ағыны қызылиектің қан айналымын қамтамасыз етуді ынталандырады және олардың жағдайын жақсартады. Жоғары қысым мен пульсацияланған су технологиясының үйлесімі Revyline RL 100 ирригаторына тіс аралықтарын, тістердің мойын аймағын және қызылиек жүлгесін тазартуға көмектеседі, бұл әдеттегі тіс щеткасы үшін қол жетімді емес.

#### САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Revyline RL 100 ирригаторын қолданар алдында нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз. Бұл құрылғының барынша тиімді және ыңғайлы пайдалануға көмектеседі.






1. Штепсельді ашаны дымқыл қолмен алмаңыз.
2. Құрылғы корпусының сумен немесе басқа сұйықтықтармен байланысуына жол бермеңіз.
3. Душ қабылдау кезінде ирригаторды пайдаланбаңыз.
4. Егер құрылғы суға түсіп кетсе, оған қол тигізбеңіз және ашасын дереу розеткадан шығарыңыз.
5. Егер құрылғы теріс температура жағдайларында болса, оны қолданар алдында бөлме температурасына дейін 12 сағат бойы жылуына жол беру керек.
6. Құрылғыны әр қолданар алдында әрқашан қуат кабелінің тұтастығын тексеріңіз.
7. Құрылғыны тек тиісті жүктемеге есептелген электр розеткасына қосыңыз.
8. Су ағынын тілдің астына, құлаққа, мұрын қуысына немесе басқа осал жерлерге бағыттамаңыз. Құрылғы шығаратын қуатты су ағыны осы жерлерде терінің және шыршыты қабаттардың тұтастығын бұзуы мүмкін.
9. Құрылғыны қолдану жөніндегі нұсқаулыққа және/немесе тіс дәрігерінің ұсыныстарына сәйкес қолданыңыз.
10. Тек Revyline RL 100 ирригаторының қосымша керек-жарақтар мен саптамаларын пайдаланыңыз.
11. Құрылғы корпусындағы ағытпалар мен тесіктерге бөгде заттарды салмаңыз.
12. Ирригаторға арналған суға тұз сияқты түйіршікті заттарды қоспаңыз. Олар сорғы мен ирригатордың тұтқасын бітеп тастайды.
13. Құрамында йод, май, ағартқыш агенттері бар ауыз қуысына арналған шайғыштарды қолданбаңыз.
14. Ирригация үшін суды немесе тіс дәрігері ұсынған ерітіндіні пайдаланыңыз.
15. Ауыз қуысында немесе тілде ашық жаралар болған кезде құрылғыны пайдаланбаңыз.
16. Егер Сіз денсаулық күйі бойынша қауіп-қатер тобында болсаңыз және антибиотиктерді қабылдасаңыз, стоматологиялық емдеуді бастамас бұрын, ирригаторды қолданар алдында тіс дәрігерімен кеңесіңіз.
17. Периодонталды қалталарды тазарту үшін резеңке ұштықты мөлдір саптамадан шығармаңыз. Егер ол жоғалып кетсе, саптаманы жаңасына ауыстырыңыз.
18. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
19. 6 жастан асқан балалар ирригаторды ересектердің бақылауымен ғана қолдана алады.

#### ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ


1. Қуат сымының ашасын дұрыс жұмыс істейтін розеткаға салыңыз.
2. Резервуардың қақпағын және резервуардың өзін құрылғының

корпусынан алыңыз. Резервуарды сумен толтырыңыз. Резервуарды құрылғының корпусына мықтап бекітіңіз.

3. Саптаманы тұтқаның жоғарғы жағында орналасқан орталық ағытпаға салыңыз. Саптаманың таңбалама сақинасы тұтқаның жоғарғы шекарасымен бір деңгейде болуы керек.
4. Саптаманы алу үшін саптаманы бұғаттау батырмасын тұтқадан шығарумен бір уақытта басып тұрыңыз.
5. Шұңғылшаға еңкейіп, ирригатордың саптамасын ауыз қуысына енгізіп, ұшын тіске қарама-қарсы қойыңыз. Құрылғыны қосу үшін қысым қуат реттегішін сағат тілі бағытында бұраңыз. Су ағынының қысым қуатын таңдау үшін қысым реттегішін қолданыңыз: сағат тілі бағытында — арттыру үшін, қарама-қарсы бағытта — азайту үшін. Өзіңіз үшін ең қолайлы қысым деңгейін таңдаңыз. Ирригация кезінде саптаманы қызылиек сызығы бойымен жылжытыңыз, әр тісті дәйекті түрде тазалаңыз.
6. Құралды қолдануды аяқтағаннан кейін сұйықтық қысымын реттегішті сағат тіліне қарама-қарсы бағытта тырс еткенше бұраңыз.



### ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



#### ИРРИГАЦИЯ РЕЖИМИ

Саптаманы ауыз қуысына ағын тістің бетіне 45° бұрышпен бағытталатындай етіп орналастырыңыз. Судың шашырауын болдырмау үшін ерніңізді толық емес жабыңыз. Ирригация кезінде су табиғи түрде ауыз қуысынан шұңғылшаға ағып кетуі керек. Жақсы нәтиже алу үшін алдымен бүйір тістеріңізді (азу тістеріңізді), содан кейін алдыңғы тістеріңізді тазалаңыз. Саптаманың ұшын тістердің арасына ұстап, қызылиек сызығы бойымен жылжытыңыз. Процедураны тістеріңізді ішінен және сыртынан, сондай-ақ барлық тіс аралықтарын тазалағанша жалғастырыңыз.

#### ҮЗІЛІС РЕЖИМИ

Ирригатордың тұтқасында орналасқан үзіліс батырмасы off күйінде су беруді тоқтатады. Құрылғыны off күйіндегі батырмамен 10 секундтан артық қалдыруға тыйым салынады, себебі бұл оның бұзылуына әкелуі мүмкін.

#### КІРІСТІРІЛГЕН ТАЙМЕР

Құрылғы автоматты таймермен жабдықталған. Өшіру 3 минуттан кейін болады.

#### ҚЫСЫМ ДЕҢГЕЙІНІҢ РЕЖИМІН ТАҢДАУ

Ирригациялық ағынның қысым деңгейі құрылғының корпусында орналасқан айналмалы реттегішпен орнатылады. Құрылғының конструкциясы он қарқындылық режимінің бірін таңдауға мүмкіндік береді.

**Назар аударыңыз!** Құрылғыны қолданудың басында қысымның минималды деңгейін қолдану ұсынылады. Бұл суара тазартуға бейімделуге және қызыл иектің қабынуы мен қан кету қаупін болдырмауға көмектеседі.

#### ИРРИГАЦИЯНЫ АЯҚТАҒАННАН КЕЙІН

Ирригаторды өшіріңіз. Қуат сымының ашасын розеткадан алыңыз. Ирригатор онда суды сақтауға арналмаған. Қолданғаннан кейін қалған сұйықтықты төгу керек.

#### АУЫЗ ҚУЫСЫНА АРНАЛҒАН ШАЙҒЫШТАР МЕН БАСҚА ЕРІТІНДІЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

Жақсы әсер ету үшін Revyline шайғыштары мен арнайы бальзамдарын қолданған жөн. Қолданылатын өнімнің нұсқауларына сәйкес дозаны есептеңіз. Ерітінділерді әр қолданғаннан кейін ирригаторды шаю керек. Назар аударыңыз! Кейбір антисептикалық ерітінділерде ерімейтін бөлшектер болуы мүмкін, олар ирригатор жүйесімен байланыста болған кезде оның жұмысына әсер етіп, қызмет ету мерзімін төмендетуі мүмкін. Ирригаторға арналған арнайы ерітіндіні әр қолданғаннан кейін жүйені жақсылап шайыңыз. Резервуарды жеткілікті сумен толтырыңыз, саптаманы шұңғылшаға қарай бағыттаңыз және құрылғыны қосыңыз. Резервуардағы барлық суды ирригатор жүйесі арқылы өткізіңіз. Бұл жағдайда ерітінділердің қалдықтары ирригатордан жуылады, бұл жүйені бітелуден сақтайды.

#### ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМІ

Ирригаторды тазаламас бұрын қуат көзін электр розеткасынан ажыратыңыз. Қажет болса, тазалау үшін жұмсақ мата мен жұмсақ абразивті емес жуғыш затты пайдаланыңыз. Саптамаларды қайнаған суға батырмаңыз. Оларды тазарту үшін спиртті қолданыңыз. Кермек суды үнемі қолданған кезде құрылғының бөлшектерінде әк шөгінділері пайда болуы мүмкін. Оларды жою үшін ирригаторды пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес тазалау үшін арнайы Revyline құралын пайдаланыңыз. Өндіруші судың кермектігіне байланысты ирригаторды үш айда бір-үш рет тазалауды ұсынады.

#### КЕПІЛДІК

Құрылғыға кепілдік – 2 жыл. Ирригаторға техникалық қызмет көрсету қолданыстағы кепілдік мерзімі ішінде сервистік орталықта тегін жүзеге асырылады. Әрі қарай, құрылғыға қызмет көрсету сатып алушының есебінен жүзеге асырылады.

#### КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ:

Шығын материалдары мен жиынтықтарына. Оларды арналуы бойынша емес қолдану, абайсыз және/немесе ұқыпсыз қолдану (соның ішінде артық жүктеме) нәтижесінде, зақымдануға алып келген, уәкілетті емес ұйымның (жеке тұлғаның) түрлендіруі, ашуы және/немесе жөндеуі нәтижесінде істен шыққан және/немесе ақаулы болған тауарларға. Дұрыс емес қуат көзіне қосу салдарынан істен шыққан және/немесе ақаулар алған тауарларға.

Жойылмаған кемшіліктермен пайдаланылған тауарларға.

Үшінші тараптардың әрекеттері, табиғат құбылыстары және табиғи апаттар, үй жануарлары мен жабайы жануарлар, жәндіктер, тауарлардың ішіне бөгде заттар мен сұйықтықтардың түсуі сияқты өндірушіге тәуелсіз себептерден туындаған ақауларға. Пайдалану барысында және табиғи тозу нәтижесінде пайда болған сыртқы және ішкі ластануларға, сызаттарға, жарықтарға, тозуға және өзге де механикалық зақымдануларға.

#### КЕҢ ТАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ

##### Саптама алынбайды

**Шешім:** Саптаманы алу кезінде құрылғының корпусында орналасқан саптаманы бұғаттау батырмасын басып тұрыңыз.

##### Ағын қысымы деңгейін таңдауды қиындатқар

**Шешім:** Құрылғыны қосқаннан кейін қысым реттегішінің көмегімен жеке таңдалатын ағын қуатының қажетті деңгейін таңдаңыз. Ирригация тиімділігін арттыру үшін сізге ыңғайсыздық тудырмайтын су қысымын пайдаланыңыз.

##### Ирригация кезінде қан кету

**Шешім:** Қан кету бұл қызылиектің қабынуына тән симптом болып табылады.

Ең алдымен, ағынның қысым деңгейін төмендету керек. Ирригатор қызылиектен бактерияларды және тіс қағын кетіреді. Әрі қарай қолданған кезде қан кету тоқтайды. Қызылиектің қабынуы мен әлсіздігі үшін периодонталды саптаманы қолданыңыз.

##### Судың максималды қысымы ыңғайсыздық тудырады

**Шешім:** Көптеген адамдарға сұйықтық қысымының орташа деңгейіне сәйкес келеді. Сұйықтықтың ыңғайлы қысымын сұйықтық қысымының деңгейін реттеу арқылы таңдауға болады.

##### Судың шашырауын қалай болдырмауға болады?

**Шешім:** Ирригация кезінде аузыңызды кең ашып тік тұрмаңыз. Шұңғылшаға қарай еңкейіп, аузыңызды ашыңыз. Ауыз қуысынан су табиғи түрде ағылады.

##### Мотор жұмыс істейді, бірақ су берілмейді.

##### Ықтимал шешімдер:

1. Суға арналған резервуарды алып, оны құрылғы корпусына қайтадан бекітіңіз.
2. Сұйықтық қысымын реттегішпен қысым деңгейін жоғарылатыңыз.
3. «Үзіліс» ауыстырып қосқышы OFF күйінде тұруы мүмкін. Ауыстырып қосқыштың күйін тексеріңіз.

##### Саптама мен корпус арасындағы ағылу.

**Шешім:** Саптаманың толығымен салынғанын тексеріңіз. Қажет болса, саптаманы алыңыз, содан кейін қайтадан салыңыз.

#### ЖИЫНТЫҚТАҒЫ САПТАМАЛАР

Тұрақты пайдалануға арналған стандартты саптамалар – 3 дана. Импланттарды, көпірлерді, қалыптарды тазартуға арналған қылшықтары бар саптама – 1 дана. Қызылиек қалталарын тазартуға арналған резеңке ұшы бар периодонталды саптама – 1 дана. Брекetterді және басқа жүйелерді күтуге арналған ортодонтиялық саптама – 1 дана. Тілдің бетін тазартуға арналған саптама – 1 дана. **Назар аударыңыз!** Саптама қатаң түрде жеке болуы керек. Бір саптаманы әртүрлі пайдаланушылардың қолдануына тыйым салынады.

#### ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Ирригатор қақпақ-сауытпен жабдықталған, онда саптамаларды сақтауға болады.

Ирригаторды құрылғының түбіндегі көлденең бетке сенімді бекіту үшін сорғыштар орналасқан.

### ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Үлгісі: RL 100  
Сұйықтық қысымының деңгейі: 210–870 кПа  
Резервуар көлемі: 600 мл  
Ағын қысымы режимдері: 10  
Пульсация жиілігі: минуттына 1200–1700.  
Қуаты: 100–240V айнымалы тоқ желісінен, 50/60 Hz  
Тұтынылатын қуаты: 18 Вт  
Кепілдік: 2 жыл.  
Тауардың жарамдылық мерзімі жоқ.  
Бөлме температурасында сақтаңыз.  
Өндіруші елі – Қытай

Ресей Федерациясындағы импорттаушы МГАДЖЕТ ЖШҚ  
Мекенжайы: 140002, Люберцы қ., Октябрьский даңғ., 20-үй, 2-корпус.

Қазақстандағы импорттаушы: МГАДЖЕТ КЗ ЖШС  
Мекенжайы: Алматы қ., Төле би к-сі, 23а, 24-офис.

Қызмет ету мерзімі 5 жыл.  
Тауар сертификатталған.

Өндірілген: Fly Cat Electrical Co., Ltd., 101-401 of No.28 Bldg & 101, 301, 401 of 30 Bldg, Longwangmiao Industrial Park, Baishixia Community, Fuyong Subdistrict, Bao'an District, Shenzhen City, Guangdong Province, China

Егер сізде сұрақтар туындаса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

+7 700 219 40 93

www.revyline.kz

### Кепілдік талоны

Ұйымның атауы .....

Сату күні .....

Мөрге арналған орын